

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №14)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Клеткалық талдау құрылғысы	<p>Флуоресценттік бейнелер негізінде жұмыс істейтін үстел үсті клеткалық талдау құрылғысы – клеткалардың сапалық және сандық талдауын жоғары дәлдікпен жүргізуге арналған заманауи зертханалық құрал. Бұл құрылғы ғылыми және клиникалық зертханаларда, сондай-ақ биотехнологиялық және фармацевтикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Оның нәтижелері протекторлық цитометриямен салыстырмалы дәлдікке ие және зерттеу үдерістерін жылдам әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді.</p> <p>Құрылғы флуоресценция деңгейін өлшеу, трансфекция тиімділігін анықтау, акуыз экспрессиясын талдау және нүктелік графіктер арқылы нәтижелерді визуализациялау сияқты негізгі функцияларды орындауды. Сонымен катар, ол GMP талаптарына бейімделген және халықаралық 21 CFR Part 11 стандартына толық сәйкес келеді.</p> <p>Талдау уақыты шамамен 2–4 минут 30 секунд аралығында болады. Объектив линзасы 10× үлкейту мүмкіндігімен жабдықталған. Өлшеу диапазоны PI үшін $5 \times 10^4 - 4 \times 10^6$ клетка/мл, АО/PI үшін $5 \times 10^4 - 2 \times 10^7$ клетка/мл аралығында. Үлгі көлемі 25 мкл, ал өлшеу көлемі $\leq 7,8$ мкл құрайды. Жарық көзі ретінде жарық өрісі, ультракүлгін, көк және жасыл жарық диодтары қолданылады. Куат көзі 100–240 В, 1.5 А, 50/60 Гц, электрондық кірісі – 12VDC, 5.0 А.</p> <p>Құрылғының габариттері $300 \times 420 \times 370$ мм (ені × ұзындығы × биіктігі), салмағы 19,3 кг. Негізгі артықшылықтарына құрылғының ықшам әрі пайдалануға ыңғайлы болуы, жылдам талдау жүргізіп, нақты уақыттағы нәтижелер беруі, жоғары дәлдік пен қайталанғыштық қамтамасыз етуі және GMP талаптарына толық сәйкестігі жатады.</p>	1
	Барлығы		1

Фылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Фылымды дамыту жөніндегі жобалық кенсе басшысы

А.Айымбетова

Фылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (КҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуі талап етсе, тауардың құнына міндепті тұрғы қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске косу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуши жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растьады және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табиғатты корғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамага сәйкес барлық саралтамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сакталғаны тиісті құжаттармен растьалуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндептемелер

Жеткізуши жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Авансстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушиден авансстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру үйімімен жасалған жеткізушиңің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартка қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.